



ЖОЛ АЗАБЫН
ЖҮРГЕН
БІЛЕР...

3-бет



«ҚАРЫЗСЫЗ
ҚОҒАМ» ЕЛДІҢ
ҚАРЖЫЛЫҚ
САУАТЫН
КӨТЕРМЕК

5-бет



ЖАЗАСЫ
ЖОҚ
ҚЫЛМЫС

8-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№57 (3588) 4 тамыз 2023



СҰХБАТ

Қайрат ЖУРУНОВ,
Жетісу облысы криминалдық
полиция басқармасының басшысы,
полковник:

«ЖЕКЕ
ДЕРЕКТЕРІҢІЗ БЕН
ЕСЕПШОТТАРЫҢЫЗҒА
АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!»



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті жолдауында интернет алаяқтықпен күресті күшейту керектігін айтқан еді. «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн», – деген. Шындығында, бұл мәселе бүгін халық үшін аса өзекті, күрделі жағдайға айналды. Елде алаяқтықтың барлық түріне қарсы заң бар. Қадағалау да артты, онымен күресте күшейді. Алайда, статистика көрсеткендей алаяқтық азаяр емес. Осы ретте біз интернет алаяқтық, өңірдегі ахуал жайлы Жетісу облысы криминалдық полиция басқармасының басшысы, полковник Журунов Қайратпен сұхбаттасқан едік.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ - ТІЛІНДЕ



«2024 жылдан бастап заңдарды қазақ тілінде жазу міндеттеледі» деген тақырып бұған дейін де қоғам назарында қызу талқыға түскен. Естеріңізде болса, сол тұста Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің мәлімдемесі де жарық көрген. Онда А. Көлгінов еліміз егемендігін алғалы бері Мәжіліс депутаттары 3,5 мың заң қабылдағанын және аталған нормативтік құқықтық құжаттар мағынасының өзара сәйкестігін тексеру 2023 жылдың екінші тоқсанында басталатынын жеткізген. Премьер-Министрдің орынбасары өз сөзінде: «Бұл ретте «артық регламенттеуді болдырмау» мәніне ревизия жүргізу көзделмеген НҚА (жекелеген заңдар мен заңға тәуелді актілер) олардың жобалары мемлекеттік органдардың норма шығару қызметі барысында лингвистикалық сараптамаға түскен кезде қаралады. Аталған шара мемлекеттік тілдегі НҚА мәтіндері мазмұнының сапасын арттыруға ықпал етеді», – делінген.

(Соңы 3-бетте)

СУДЬЯ МІНБЕРІ

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС ПРИНЦИПТЕРІ - ІСТІ ӘДІЛЕТТІ ШЕШУГЕ ЫҚПАЛ ЕТУ

Заң үстемдігін қамтамасыз етудің алғашқы қадамы ретінде азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету мақсатында бес сатылы сот жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот жүйесіне көшу іске асырылды.

Республика бойынша апелляциялық саты сотында шешіммен аяқталған азаматтық істер соттың алқалы құрамымен қаралады. Сондықтан ҚР Азаматтық процестің кодексінің 36-бабына сай істерді соттың алқалы құрамы қараған және шешкен кезде барлық судьялар тең құқықтарды пайдаланады.

Демек, барлық соттар істі қарау барысында азаматтық процестің принциптерін басшылыққа алуға тиіс. Себебі, азаматтық процестің принциптері істі заңды әрі әділетті шешуге ықпал етеді. Осы «принцип» сөзі латын тілінен аударғанда «негіз», «бастапқы» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан, судьялар азаматтық істерді қарау барысында заң принциптерін сақтауға тиіс. Мысалы, іс қарау барысында дәлелдемені тікелей зерттемеу басқа принциптің – заңдылық прин-

ципінің бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін екенін білеміз.

АПК-нің 4-бабына сай азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда заңдылықты сақтау, істің толық, уақытылы, әділ қаралуын қамтамасыз ету, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттеріне жатады.

АПК-нің 2-тарауында азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттары аталып көрсетілген. Осы аталған азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттарын бұзу оның сипаты мен елеулілігіне қарай шығарылған сот актілерінің

күшін жоюға әкелетіні ескерілуге тиіс. Жалпы алғанда, азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттарының қосындысы азаматтық процестің принциптеріне жатады.

Аталған кодекстің 6-бабына сай сот азаматтық істерді қарау және шешу кезінде ҚР Конституциясының, ҚР конституциялық заңдарының, осы кодекстің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қолданылуға жататын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті.

Соттар адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес. Егер сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және бұл актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынысымен Қазақстанның Конституциялық Сотына өтініш жа-

сауға міндетті. Сот ҚР Конституциялық Сотының қорытынды шешімін алған соң іс бойынша іс жүргізу қайта басталады.

Сот істі қарау және шешу кезінде мемлекеттік немесе өзге де органның актісі заңға сәйкес келмейді немесе ол өкілеттіктерді асыра пайдаланып шығарылған деп белгілесе, заңның нормаларын қолданады.

Даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда, сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған кезде Қазақстан заңнамасының жалпы негіздері мен мағынасын негізге ала отырып, дауды шешеді.

Егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшем шарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Сондай-ақ, «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132 Конституциялық заңының 1-бабына сай Қазақстанда сот

төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады.

Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады.

Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне басқа адамдардың араласуына жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ, соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді.

(Соңы 2-бетте)

СОТ АКТИЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі.

1991 жылы еліміз өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басталған саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды. Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заңдар мен ережелер жетілдіріліп келеді. Сол заңдармен бірге жаңадан қабылданған Азаматтық процестік кодекс де заман талабына сай өзгерді. Осы жаңадан қабылданған Азаматтық процестік кодекстің қолданылуы барысында бұрынғы кодекске қарағанда, көптеген жаңашылдықтардың енгізілгені анықталып отыр.

Оның біріншісі – жаңа кодексте қайта қарау негіздерінің бірі, яғни, арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған іс үшін елеулі мән-жайлар пайда болған кезде сот қаулылары жаңадан ашылған мән-жайларға сәйкес қайта қаралуға жатады деген негіздің алынып тасталуы.

Бәрімізге белгілі, бұрынғы Азаматтық іс жүргізу кодексінде осы аталған негізбен көптеген заңды күшіне енген сот қаулылары жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта қаралып жататын. Өйткені, арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған іс үшін елеулі мән-жайлар деген негізге тараптар кез келген мән-жайларды жатқызып, сотқа арыз беретін.

Ал қазіргі қолданыстағы жаңа кодексте бұл мәселе нақтыланып,



Н. БЕКЕТАЕВ,
Шиелі аудандық
сотының төрағасы

жаңадан ашылған мән-жайларға не жататындығы анық көрсетілген.

Шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін:

1) заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған куәгердің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

2) заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған тараптардың, іске қатысатын басқа да адамдардың не олардың өкілдерінің қылмыстық құқық бұзушылығы немесе судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы;

3) осы шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің, ұйғарымының немесе қаулысының не өзге де мемле-

кеттік орган қаулысының күшін жою негіз болып саналады.

Сонымен қатар, қолданыстағы кодексте жаңа мән-жайларға байланысты заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау үшін тағы да қосымша үш негіз көрсетілген.

Олар: істі қарау және шешу кезінде преюдициалдық маңызы болған сот актісінің күшін жою; сот актісі шығарылғанда негізге алынған мәмілені жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі; ҚР Конституциялық Кеңесінің сот актісі шығарылған кезде қолданылған заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді конституциялық емес деп тануы жатады.

Арыздың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды сақтай отырып берілген сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз тиісті соттың іс жүргізуіне қабылданады. Арызды соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені ол сотқа келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті соттың судьясы жеке-дара шешеді.

Сонымен қатар, тиісті соттың судьясы, егер сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешу кезінде арыздың осы кодекстің 456 және 457-баптарында белгіленген қағидаларды бұза отырып берілгенін, арыздың белгіленген мерзім өткеннен кейін берілгенін және оны қалпына келтіру туралы өтінішхаттың жоқ екенін немесе арыз берудің өткен мерзімін қалпына келтіруден бас тартылғанын, арыздың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптардың сақталмағанын анықтаса, арыз берушіге қайтарылады.

Осы тұста айта кететін мәселе жалпы жаңадан ашылған мән-жайлар олар пайда болған кезден бастап үш айдың ішінде қаралу керек. Ал аталған мерзім өтіп кетсе арызды қанағаттандырусыз қалдыруға бірден-бір негіз болады.

Сот жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны қайта қарау туралы арызды сот отырысында қарайды. Арыз берушіге және іске қатысатын адамдарға арызды қарау уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмей қалуы арызды қарауға кедергі болмайды.

Қызылорда облысы

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС ПРИНЦИПТЕРІ - ІСТІ ӘДІЛЕТТІ ШЕШУГЕ ЫҚПАЛ ЕТУ



Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық
сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғатыны туралы тұжырымдар мемлекетіміздегі сот билігінің бағыт-бағдарын айқындап берді.

Соттың азаматтық іс бойынша шешімдерін тиісті соттар ғана осы АПК-де көзделген тәртіппен тексере алады және қайта қарай алады.

АПК-нің 14-бабының 3-бөлігіне сай іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар беру, сот актілеріне дау айту, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу; осы кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тіл маманының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Бірақ кейбір істер бойынша тараптың іс жүргізу тілін білмейтіні, ал соттың істі қарау барысында аудармашы тартпағаны белгілі болған.

Сондықтан мұндай жағдайда сот алқасының бірінші саты судьясын іс жүргізу қағидаттарын бұзған деп санауы заңды.

АПК-нің 427-бабының 4-бөлігі 3) тармақшасына сәйкес істі қарау кезінде істі жүргізу тілі туралы қағида бұзылған жағдайда бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылуға жатады.

Сондықтан соттар істі заңды, әділ шешу үшін аталған іс жүргізу қағидаттарын сақтауға міндетті болып табылады.

ТАРАПТАР БӘСЕКЕЛЕСТІГІ - ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІСІ

Қазіргі уақытта Қазақстанда сот төрелігінің тиімділігін арттыруға және әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық процесте бірқатар жаңа үрдістер байқалады. Осындай үрдістердің бірі – күдіктілер мен айыптаушылардың құқықтарын күшейту, соның ішінде олардың кінәсіздігін дәлелдеуге қатысу және қорғау құқығын кеңейту.

Сонымен қатар, жаңа үрдістер аясында қылмыстық процесте адвокаттардың рөлін күшейту, яғни бәсекелестікті қамтамасыз ету көзделеді.

Тараптардың бәсекелестігін қамтамасыз ету арқылы Қазақстандағы қылмыстық процесті жетілдіру құқықтық жүйенің маңызды аспектісі болып табылатынын атап өткен жөн. Себебі, тараптардың бәсекелестігі айыптау мен қорғаудың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Мұнда әр тарап сот алдында өзінің дәлелдері мен дәйектерін тәуелсіз және бейтарап ұсынуға құқылы болады.

Халықаралық тәжірибеде тараптардың бәсекелестігі әділ қылмыстық процестің негізгі қағидаты болып табылады. Мысалы, АҚШ-та және кейбір басқа елдерде прокурор мен адвокат сот алдында өз дәлелдерін келтіріп, сот ұстанымдарын тең дәрежеде дәлелдеу кең таралған тәжірибе саналады.

Тараптардың бәсекелестігін қамтамасыз етудегі жаңа үрдістердің бірі adversarial process (қарсыласу) принципін белсенді қолдану болып табылады. Бұл қағида сот талқылауы – әр тарап өз мүдделері мен дәлелдерін білдіретін процесс болуы керек, ал судья ұсынылған дәлелдер негізінде шешім қабылдайтын бейтарап төреші

ретінде әрекет етеді деген идеяға негізделген.

Тағы бір жаңашылдық тараптардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін бейнеконференциялар және электронды құжат айналымы жүйелері сияқты технологияларды қолданумен байланысты. Бұл процеске қатысушыларға сотта физикалық қатысуды қажет етпестен өз мүдделері мен дәлелдерін тиімді ұсынуға мүмкіндік береді.

Елімізде қылмыстық процесті жетілдіру және тараптардың бәсекелестігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай қадамдар жасалуда.


Мәселен, Қылмыстық процестік кодекстің (ҚПК) 24-бабында сот функциялары айыптау органының функцияларына теңестіріледі. Бұл ҚПК-нің 23-бабына қайшы келеді, өйткені, сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды және айыптау немесе қорғау жағында болмайды.

Мұның салдары сот пен айыптау органының функцияларының араласуын тудырып отыр, нәтижесінде соттың біржақтылығы бойынша орынсыз сын тудырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот бәсекелестікте өтуі тиіс, ал судья тараптардан тәуелсіз болуы керек екенін атап айтты. Ол үшін адвокат пен прокурордың

теңдігін қамтамасыз ету маңызды.

Соттың міндеті – тараптардың іс жүргізу міндеттерін орындау үшін жағдай жасау. Қылмыстық процестің рәсімінде қылмыстық қудалау органы айыптаудың бастамашысы ретінде әрекет етеді, бірақ дәлелдемелерді түпкілікті бағалауды тараптар ұсынған дәлелдемелерге сүйене отырып, нақты



бәсекелестік жағдайында сот беруі керек.

Қылмыстық процесте тараптардың теңдігін қамтамасыз ету үшін қорғаушы тараптың өкілеттіктерін кеңейту қажет екені анық. Ол үшін қазір қорғау тарапына іс бойынша жиналған барлық дәлелдемелер ұсынылатын «дәлелдемелермен алмасу» кезеңін қосу мәселесі қарастырылуда. Бұл кезеңде айыптаушы тарап пен қорғау

ушы тарап істі сотқа жіберу керек пе, жоқ па, соны шешеді. Сондай-ақ, қорғаушы тарапқа іс жүргізу келісіміне қатысты прокурордың шешіміне шағымдану құқығын беру ұсынылады.

Бұл бітімгершілік процедуралар мен процестік келісімдердің санын көбейтуге, сондай-ақ, жазықсыз адамдардың сотқа берілуіне жол



бермеуге көмектеседі. Сондықтан сотқа тек нақты айыптауды, әрекетті құқықтық бағалауды және айыптау тарапынан дәлелдемелерді алдын ала талдауды қамтитын айыптау актісін жіберу ұсынылады.

Қорғаушы тарап өз ұстанымының негіздемелерін қамтитын қорғау актісін қорғаушының пайдасына сотқа ұсынуға құқылы (бірақ міндетті емес) болуы тиіс.

Қолданыстағы қылмыстық іс

жүргізу заңнамасында қылмыстық істі айыптаушы тарап жинайды және дәлелдемелерді бағалаумен істі сотқа жібереді. Судья айыптаудың дәлелдерін дәл қарастырады. Бұл ереже қорғаушы тарапты айыптаушы тараппен тең емес жағдайға қалдырады.

Сот тек бір тарап – айыптаушы тарап қалыптастырған қылмыстық іс материалдарында бар дәлелдемелер туралы алдын ала хабардар болмауға тиіс.

Сотта әрбір тарап жарысушылық қағидаты бойынша сотталушының кінәсін немесе кінәсіздігін растайтын өз дәлелдемелерін қысқартуға тиіс, соның негізінде сот қорытынды шешімге келеді. Бұл ретте сот объективтілік пен бейтараптықты сақтау мақсатында айыптаудың не қорғаудың олқылықтарын толтыруға құқылы емес. Осылайша, қылмыстық істе сотқа айыптаушы және қорғаушы тарап тең шарттармен ұсынған дәлелдемелер бойынша сот талқылауы болуы керек.

Менің ойымша, мұндай сот процесі тараптардың нақты бәсекелестігін және соның салдарынан заңды және негізделген шешімді қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, тараптардың бәсекелестігін қамтамасыз ету арқылы Қазақстандағы қылмыстық процесті жетілдіру құқықтық жүйенің маңызды аспектісі болып табылатынын атап өткен жөн. Халықаралық тәжірибе мен осы саладағы жаңа тенденциялар айыптау мен қорғаудың тең мүмкіндіктерінің маңыздылығын растайды. Бұл ретте Қазақстанда қылмыстық процесті жетілдіру және процестің барлық қатысушылары үшін әділдікті қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар көзделген.

Эльмира ОЙҚҰЛОВА,
Атырау қаласы
№ 2 сотының судьясы

ИГІ ІС

«Отбасылық сот» пилоттық жобасын жүзеге асыру аясында сотта неке-отбасы қатынастарынан туындайтын істерді қараған кезде істі тек мәні бойынша қараумен шектелмей, тараптарды бір-бірімен татуластырып, отбасын сақтап қалуға тырысады.

54 ЖАНҰЯ
ҚАЙТА ЖАРАСТЫ

«Отбасылық сот» пилоттық жобасы 2018 жылдың 3 қыркүйегінен бастап іске асырылып келеді. Оның шеңберінде отбасы-неке қарым-қатынасы саласында туындайтын дауларды қараудың жаңа тәсілі айқындалды, атап айтқанда – Жоғарғы Сот әзірлеген ұсынымдарға сәйкес сот дауды мәні бойынша шешумен шектеліп қана қоймай, отбасылық қарым-қатынасты жақсарту, отбасын сақтау және тараптарды татуластыру шараларын қамтидайды.

Сотта отбасы институтын нығайту, отбасылық қарым-қатынасты жақсарту және ажырасулар санын азайту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап көрсетуге болады. Яғни, «отбасылық сот» жұмысы аясында «Бастау» тобы, медиаторлар және алқабилермен жұмыстар ұйымдастырылып, жүргізіліп жатыр. Аудандық сотта ағымдағы жылдың 1-ші жарты жылдығында 112 талап арыз түскен, оның 91-і некені бұзу туралы. Оның ішінде 38 істе некені бұзу туралы шешім шығарылса, 49 істе жұптар татуласқан. Пилоттық жоба аясында барлық ажырасуға арыз берген отбасылық жұптардың 56,3% татуластырумен тоқтатылды. Бұл ретте, ажырасуға арыз жазу себебі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарынан орын алып отыр. Сонымен бірге ерлі-зайыптылардың опасыздығы (44%), біреуінің алкогольге, есірткіге және құмар ойындарына тәуелділігі (26%), неке қатынастарының нақты тоқтатылуы (8 %), күнделікті ұрыс-керіс және өзара түсіністіктің болмауы (89 %) туындағаны көрсетіліп тұр. Осындай әрбір жағдайдағы істе отбасылық психологтың көмегінің арқасында некесін сақтап қалу әлеуеті дер кезінде шешіліп, ажырасуларды болдырмады.

Осылайша, 87 неке бұзу ісінің ішінде 49 іс бойынша тараптар арасындағы дау татуластыру тәртібінде реттелді. Олардың 44 ісі билердің қатысуымен татуласуына байланысты тоқтатылды.

Неке және отбасына қатысты даулар бойынша қаралған 107 істің ішінде 54 іс татуластыру тәртібімен тоқтатылды.

«Отбасылық соттардың» арқасында ауданда 54 отбасы сақталып қалды.

Баян БАЙҒОНЫСОВА,
Жамбыл облысы
Байзақ аудандық соты әкімшісінің
бас маманы

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР...

«Ашық НҚА» порталында Алматы қаласындағы жол жүру ақысы қымбаттайтыны туралы ұсыныс жазылған қалалық әкімдіктің қаулысы жарияланды. Қаулы жобасына сәйкес Алматыда жолаушылар көлігіндегі тарифтерді қайта қарау және оларды қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде 100 теңге және қолма-қол ақшамен 200 теңге мөлшерінде белгілеу ұсыныылған. Демек қаларалық жолақысы 25-33% өседі деген сөз. Қазіргі кезде жолақысы «Оңай» картасымен 80 теңге, қолма-қол төлеу 150 теңге екені белгілі.

Алып қала Алматының іргесінде отырғандықтан Талғар ауданы халқының көбі қалаға қатынап жұмыс істейтіндіктен, маңызды ақпаратты ұсынып отырмыз. Алда сабақ басталатын уақыт та жақын. Ол кезде балалардың да алматылық мектептерге барып білім алатындары аз емес. Ал жолақысына төлейтін ақшаның аспаннан түспейтіні анық. Мүмкін артық-ауыс дүниеге жұмсайтын ақшаңызды үнемдеуге де сеп болар.

Алматы қалалық бюджеттік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев бүгінде қаладағы қоғамдық көліктерде жол жүру ақысы қолма-қол ақшасыз төлем әдісімен төленген кезде 80 теңге екенін түсіндіріп, жол тарифтерінің 2012 жылдан бері өзгермегенін: «Соңғы 11 жылда тасымалдаушылар көтеретін шығыстардың барлық баптары бойынша құн айтарлықтай өсті. Мысалы, дизель отынының құны ол кезде 90 теңге болған, ал бүгінгі күні 295 теңгеге (+328%) тең, газдың құны 33 теңге еді, ал бүгінгі күні 108 теңге (+327%) мөлшерінде белгіленген. Автобустардың құнын қоса алғанда, қалған шығындар бойынша да осындай жағдай. Бұл шығындар тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау көлеміне тікелей әсер етеді.

Биыл субсидиялаудың болжамды көлемі – бекітілген тарифке сәйкес шамамен 85,5 млрд теңге. Осылайша, қоғамдық көліктегі тарифтің қолданыстағы құны сақталған жағдайда субсидиялау мөлшері



мөлшерінде белгіленсін. Мұндай жағдайда субсидиялаудың болжамды көлемі 2023 жылы 10 млрд теңгеге қысқарады», – дегенді алға тартқан. Сала басшысының айтуынша, 2017 жылдан бастап 2022 жылға дейін субсидиялар көлемі 13,8 есе көтерілген. Яғни, 6,9 млрд теңгеден 50 млрд теңгеге дейін өсті. Есептеу әдістемесіне сәйкес қоғамдық көлікте орташа құн биыл 425 теңгеге өсетінін айтылды.

Құжатта көрсетілгендей, Астанада тарифтің құны – 90 теңге және 180 теңге, ШҚО-

да – 90 теңге және 130 теңге, Жамбыл облысында – 85 теңге және 130 теңге, Қостанай облысында – 100 теңге және 170 теңге мөлшерінде белгіленген. Аталған құжат 21 шілдеге дейін «Ашық НҚА» порталында жария талқылауда болады. Қаулы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы орайда Талғар ауданына қарасты ауылдардың арасын жалғап жүрген «Тұлпар Экспресс» ЖШС-нің директоры, әрі Талғар аудандық мәслихат депутаты Бауыржан Әукенұлына хабарласып, аудандағы жолақы ахуалының мән-жайын білдік. Б. Әукенұлының айтуынша, аталған ЖШС-не қарасты ав-

тобустарда жолақысы әзірге қымбаттамайды. «Біз еш өзгеріссіз жүреміз. Жолаушылар «Алем пей» жол жүру картасы бойынша әдеттегідей 80 теңге, қолма-қол төлегенде 150 теңгемен жүре береді. Қолдан келгенше халыққа қарасып, бағаны көтермеуге тырысамыз», – десе тағы бір тұста ол: «Бізге керегі халық автобұсқа кіргеннен жол ақысын уақытылы төлеп, жүргізуші берген билетінің уақытын, күнін және билеттің үлкендер мен балаларға арналғанын тексеріп, қадағалап жүрсе жақсы болар еді.

Қазіргі кезде халықтың көбі билетке деп ақшасын төлейді де, билетін алмайды. Ал ол ақша жүргізушінің қалтасына кетеді деген сөз. Сондықтан жүргіншілер төлеген жолақысы ЖШС есепшотына толық түспейді де, айдың аяғында салық төлеумен айлық берерге келгенде қиналып қаламыз. Ал автобус жүргізушілерінің айлығы талапқа сай және уақытылы төленіп келеді. Осы мәселені халыққа жеткізесіңдер», – деген өтінішін де айтып қалды.

Дұрыс-ақ, қала іші мен ауыл арасы жақын болғандықтан билет алуға мән бермейтіміз рас. Есесіне «жүргізуші билет бермейді, қалтасына кетіп жатыр» деп соға салатынымыз да өтірік емес. Бірақ сіз талап етсеңіз, билетті беруге міндетті болатын жүргізушінің қарсы уәж айтуға хақы жоқ екенін де білесіз. Ендеше жолақысын төлегенде, жол жүру билетін алуды да ұмытпайық! Аяқ астына тексеріп қалса, билет алмаған сіз де, билет бермеген жүргізуші де жолақысын төлемеген, билет бермеген болып шыға келеді.

Тексеріп қалса демекші, автобұсқа отырып алып, билет алмақ түгілі, жолақысын төлемейтіндердің де қарасы аз емес екені ақиқат. «Жолақысын жемейді» деген қазақы тәмсілдің астарын ұқпайды дегенге кім сенеді?! Осындай тексерістерде жолақысын төлемеген жұрт билет тексеруші кіріп келгенде жапатырмағай волидаторға жігіріп, жүргіншінің де, жүргізушінің де мазасын ала жөнелетінін күнде көріп жүрміз. Бұл жолақысын жегеннен бөлек, мәдениетсіздік емес пе! Бүгін сіз төлемеген жолақының ертең сізден қанша қаражат болып шығатынын ойлап көріңіз...

Осындай келеңсіздіктердің алдын алып, жүргізуші де, жолаушы да жолақысы мен билетіне мұқият болса нанын адал тауып жүрген адамдардың еңбегі еш болмас еді. Сондықтан жолаушы жөніңді біл, жүргізуші сен де заңды сыйла! Өйткені, «Өлімнен ұят күшті».

Жанбота
СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ - ТІЛІНДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Рас, көптен күткен және көп айтылғанымен нәтижесіз болған бұл мәселенің де үкімет тарапынан қолға алынып, тамырына қан жүргені құптарлық болды деп қуанып қалдық. Себебі, «бұған дейін Мәжіліс депутаттары 32 жыл ішінде елімізде 3,5 мың заң қабылданғанын айтқан. Оның барлығы орыс тілінде жазылған (Egemen.kz)». «Өлген тірілді, өшкен жанды» деп бөркімізді аспанға атпасақ та, «Ештен кеш жақсы» ғой, сеңнің сөгілгені жақсы болды деп көңілге жылу ұялай бастады. Бірақ ҚР «Тіл туралы» заңының 5-бабын алып тастамайынша қазақ тілінің көші түбегейлі түзеледі дегенге сену қиын. Енді ше, оған себеп те жоқ емес. Осыған дейін тек «Тілдер туралы» және «Көші-қон туралы» екі заңның ғана қазақ тілінде дайындалғанын көзіқарақты мамандар мен көзі ашық, көкірегі ояу адамдардың бәрі біледі. Оның өзінде орыс тілдің ана тілімізбен тең қолданылатыны тайға таңба басқандай жазылған.

Халықтың барын түгендеп, жоғын жоқтаған әр қазақтың пікір білдіріп, БАҚ беттерінде үн қатқан бір тақырыбы болса онда ол – сөз жоқ, қазақ тілі екені ақиқат.

ҚР «Тіл туралы» заңы қазақ тілінің бір тынысын ашқанын да айта кету абзал. Егемендік алған алғашқы жылдары алыс ауылдардан Алматыға студент болып жанадан келген өз қатарластарымыңн адасып кетсе көше сұрауға, қажет болса кездескен жанныан сағат сұрауға керек болады деп орысша тіл сындырған кездері артта қалды. Тәуелсіз елде қазақ тілін тірек еткен еркін ұрпақ қалыптасты. Сәйкесінше ел іргесі бекіп, арқасы кеңіген тұстан бастап қазақ тілді аудиторияның мүмкіндігі кеңейді.

Бұл ретте «Ана тілі» газетінде «Мемлекеттік тіл туралы арнайы заң керек» (20 Қыркүйек, 2018 жыл.

anatili.kazgazeta.kz) деген мақала жазған Маңғыстау облыстық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бектұр Төлеуғалиев пен Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, филология ғылымының кандидаты Әділет Қабылов былай дейді: «Еліміз тәуелсіздік алардың қарсаңында, 1989 жылы қабылданған «Тіл туралы» заңда: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп тұңғыш рет атап көрсетіліп, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. ҚР Конституциясының 7-бабында да: «Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» екендігі баян етіліп, заңды түрде күшіне енді. Сөйтіп қазақ тілі дамуының жаңа кезеңі басталған болатын. Ауызды ку шөппен сүртуге болмайды. Сол уақыттан бері қазақ тілінің тынысы ашылып, қоғам өмірінің бірқатар салаларында қолданыс аясы кеңейе түскені рас. Ең бастысы – ана тіліміздің тағдырына алаңдайтын халқымыздың үміті оянып, тіліміздің болашағына сеніммен қарайтын болды. Ендігі жерде қазақ тілінің заңдық мәртебесін алға ұстап, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы қызметіне қоятын талабы күшейе түсті. Мемлекеттік және өзін-өзі басқару орындарындағы тілге қатысты психологиялық ахуал күрт жақсарып кетпегенмен, аз да болса оң өзгерістер болды». Ана тіліміз туралы мәселенің мінберден түспегеніне отыз жылдан асса да, мемлекетті құраушы ұлт тілінің күні бүгінге дейін тұғырына нық қона алмауының, мәселенің түбегейлі шешілмеуінің басты себебі жоғарыда аталған заңдағы жалғыз сөйлем екеніне көз жеткізу қиын емес. Қазақ тілдің мемлкеттік тіл екені Ата Заңда айтылғанына қарамастан, орыс тілінің құмалағын үштен қоятын топтардың қатары әлі де аз емес. Ендеше қазақ тілге қаты-

сты ғалымдар мен қайраткерлердің, қазақ тілге қатысты көпшілік қауымның пікірін қолдай отырып, қазақ тіліне қатысты жаңа заң қажет деген пікірді түбегейлі қолдаймын. Қазақ тілінің аяғына тұсау, тіліне күрмеу болған бап өзгермейінше, мемлекеттік тіліміздің тұғыры тіктелетініне де сену қиын.

Ұлтың ұлы мұраты тілінде және тәуелсіздіктің де тірегі – оның тілінің үстемдігі екенін ескерсек, «Тіл туралы» заңда көрсетілген «қисық» сөйлемді алып тастап, ҚР азаматтығы бар барлық адамға қазақ тілін білуді Конституциямен міндеттеп, іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізуге пәрмен берілсе, мемлекеттік тіл аясының тарлығына қатысты өзге мәселелер өздігінен шешілері кәдік.

Ұлтың ұлы мұраты тілінде және тәуелсіздіктің де тірегі оның тілінің үстемдігі екенін ескерсек, «Тіл туралы» заңда көрсетілген «қисық» сөйлемді алып тастап, ҚР азаматтығы бар барлық адамға қазақ тілін білуді Конституциямен міндеттеп, іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізуге пәрмен берілсе, мемлекеттік тіл аясының тарлығына қатысты өзге мәселелер өздігінен шешілері кәдік. Шетелге шығу үшін міндетті түрде ағылшынша тіл сындыратын сахатшылар да «орысша білсең болды, өлмейсің» деген кереғар пікірден арылып, қасиетті қазақ даласына келу үшін ең алдымен қазақша аса орнын толтыра алмай, ырық бермей жүрген ана тілдің көші де түзелер шағына келер еді. Өкінішке қарай, бұл қадамның жасалмай отырғаны тілдегі түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға мүмкіндік бермей келеді.

Жоғарыда аталған мақала авторы тіл жанашырларының мынадай да пікірін алға тартады: «Ана тілі» газетінің 2018 жылдың 15 маусымдағы санында белгілі ғалымдар, ұлт пен тіл жанашырлары Амангелді Айталы мен Әбдіжәлел Бәкірдің «Мемлекет-

тік тіл заңмен қорғалуы керек» атты мақаласында қазақ тілінің мәселелеріне терең талдау жасалып, өзекті мәселе ретінде мемлекеттік тілдің арнайы заңмен қорғалу қажеттігі айтылған. Себебі, тіл жанашырлары «... ана тіліміз орыс тілінің шылауынан шыға алмай, екінші қатарда қалып отырғанда, енді бастауыш сыныптан бастап жаппай ағылшын тілін үйретуді міндеттеу – жығылғанның үстіне жұдырық болғалы тұр. Ал жоғары сыныптарда ғылыми пәндерді ағылшын тілінде оқыту – қазақ тілінің ғылымнан ығыстырылуына бастайтын жол. Мынаны түсінуіміз керек: көп тіл білу, соның ішінде әлемдік қауымдастықтағы ең ықпалды тіл – ағылшын тілін үйрену аса қажет. Оған ешкімнің де күмәні болмаса керек. Ықылас болса, қай тілді де үйренуге болады, оған қазір мүмкіндіктер жеткілікті. Себебі, оларға

өзін сүйгізуге жиһат қылуы керек. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұл рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды. Қазаққа аюдай ақырған шенеунік табылуы оңай; ерінбей-жалықпай, бақырмай, шақырмай іс бітіретін, терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын. Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар. Бекерге кеткен сағат, босқа өткізген минут – ұлт ісіне зор шығын. Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшпес емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойынымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр» деген Жүсіпбек Аймауытұлының («Ұлтты сүю» мақаласынан. «Абай» журналы. 2 қазан 1918 жыл.) ой салар пікірінің құндылығы артпаса азайған жоқ. Алаш ардақтыларынан асып не дейік, тек астында тағы, қолында билігі бар атқамінерлер мен қазіргі зиялы қауым мына алмағайып уақытта қазақ елінің болашағына бейжай қарамаса деген үміттің отын үрлеп келеміз.

Бұл орайда ұлттық код – ана тілімізбен қатар ұлттық салт-дәстүр, балаға берілетін баба тәрбиесі өзара сабақтасып, ұрпақ арасындағы тарихи сабақтастықтың үзілмеуі ләзім. «Тіл – ұлттың жаны» ғана емес, мемлекеттің де басты тірегі екенін біле тұра, оған атүсті қарау немесе қандай да бір сылтау айтып кежегесінен кейін тартатындардың құрбанына айналдыруына жол бермеу керек екені аз айтылған жоқ. Қазақ халқының ұлттық мүддесі мен болашақ ұрпақтың тірегі, қорғаушы күші, тіпті жарқын болашағының кілті де – қазақ тілі екенін айтудан біз де жалықпаймыз.

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

БРИФИНГ

Атырау облыстық сотында облыс әкімдігінің өңірлік коммуникациялар қызметінде Атырау облысы соттарының 2023 жылғы 1-жартыжылдықтағы жұмыс қорытындысы бойынша брифинг өтті.

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ
ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Брифингке Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы М.Ерғазиев, әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасы А.Салихова, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Г.Даулетова қатысып, облыс соттарымен сот төрелігін жүзеге асыру қорытындылары туралы хабардар етті.

Соттарға түсіп, аяқталған қылмыстық істер саны, бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғалар саны, ақтау үкімдері, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер саны артқан. Есепті кезеңде облыс соттары 777 тұлғаға қатысты 604 іс қараған. Оның ішінде 539 тұлғаға қатысты 399 іс үкім шығарумен аяқталып, 509 тұлға сотталып, 30 тұлға ақталған. Медиатордың қатысуымен 14 қылмыстық іс жүрген. 7 336 әкімшілік құқық-бұзушылық туралы іс тексерілген. Медиациялық жолмен 304 іс қаралды.

Азаматтық істер бойынша об-

лыс соттарына келіп түскен талап қоюлар саны және татуластыру рәсімдерін қолданумен аяқталған істер саны артқан.

Есепті кезеңде облыс соттары 7 120 азаматтық істі қарап, оның ішінде 4 063 іс бойынша шешім шығарған. Татуластыру рәсімдерімен аяқталған азаматтық істердің саны 939 істі құрады. Азаматтық істер бойынша 72 жеке ұйғарым шығарылды.

Әкімшілік істер бойынша да талап арыздар саны артқан.

Облыс соттары 470 әкімшілік істі қарады, оның ішінде шешім шығаруға байланысты 169 іс қаралды. Қанағаттандырылғаны – 117 (69,2%), қанағаттандырудан бас тартылғаны – 52.

Татуластыру рәсімімен 55 әкімшілік іс қаралды. Әкімшілік келісімді қарау нәтижесі бойынша 15 ақшалай өндіріп алу қолданылып, 13 жеке ұйғарым шығарылды.

Атырау облыстық
сотының баспасөз қызметі

БІЛГЕН ЖӨН

ТҰТЫНУШЫ ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУҒА,
АЙЫРБАСТАУҒА ҚҰҚЫЛЫ

Қазақстанның тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасы ҚР Конституциясына негізделеді және ҚР Азаматтық кодексінен, ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңынан және Қазақстанның өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Аталған заң тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ, тұтынушыларды қауіпсіз және сапалы тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындайды.

Дүкендердің көбінде, интернет ресурстары арқылы сатылатын тауарлардың жарнамасында тауарды айырбастауға, қайтарылуға жатпайды деген жазуларды кездестіруге болады. Алайда, бұл заңға қайшы. Аталған заңның 7-бабына сай, тұтынушылардың:

- тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ, сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алуға;
- қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алуға;
- тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдауға;
- тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына;
- тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге;
- тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтетуге;
- сатушыдан (дайындаушыдан, орындаушыдан) тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) фактісін растайтын құжатты немесе тауарды сатып алу (жұмысты

орындау, қызметті көрсету) кезінде жасалған шартты алуға;

- моральдық зиянды өтетуге;
- өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Сот тәжірибесінде көбінде тұтынушылардың тиісті сападағы тауарды айырбастау немесе қайтарып беру құқығын қорғау туралы істер кездеседі.

Аталған заңның 14-бабында көрсетілгендей, сатып алушы өзіне азық-түлікке жатпайтын тауар берілген кезден бастап он төрт күн ішінде, егер сатушы неғұрлым ұзақ мерзім жарияламаса, сатып алынған тауарды сатып алу орнында немесе сатушы хабарлаған өзге де орындарда бағасында айырма болған жағдайда сатушымен қажетті қайта есеп айырыса отырып, басқа мөлшердегі, нысандағы, габариттегі, пішіндегі, түстегі, жиынтықталымдағы және осы тәріздегі соған ұқсас тауарға не тараптардың келісімі бойынша басқа тауарға айырбастауға құқылы.

Сатушыда айырбастауға қажетті тауар болмаған жағдайда сатып алушы сатып алынған тауарды сатушыға қайтарып беруге және оған төленген ақшалай соманы қайтарып алуға құқылы. Демек, сатып алушы кез келген тауарды айырбастап алуға немесе оның құнын қайтарып алуға болады.

Сатушының пайдаланбаған тауарды айырбастау не қайтып алу міндеттері заңның 30-бабында көрсетілген.

Сөйтіп,егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ, тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

БІТІМ

ОҢТАЙЛЫ ЖОЛ

Қазақ «бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» деп, қандай дауды болмасын сабырлылықпен, көптің қатысуымен, елдің төрелік етуімен, билердің кесімімен шешкен. Бітім, құн беру, келісімге келу, ағайыншылық жолдарымен талай күрделі мәселенің күрмеуі шешілген. Билер алқасы арқылы дау-дамай, жанжал ғана емес, азаматтық, елдік, рулық мәні бар мәселелер де кең көлемде жауабын тауып отырды.

Әрдайым қара қылды қақ жарған әділдікті берік сақтаған халқымыздың ежелден ұстанымы осындай болды. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген мақал да халықтың осы тәжірибесінен алынған.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 120, 121-баптарында бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыларда татуластыру рәсімдерін жүргізу тәртіптері қарастырылған. Бұл рәсімдер әкімшілік істер бойынша да сот төрелігін жүзеге асыру барысында татуласу рәсімдерін кеңінен қолдану мақсатында енгізіліп отыр.

Сот тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуге жәрдемдеседі.

Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Бір ескере кететін жағдай, әкімшілік істер бойынша жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде ғана тараптардың татуласуына жол беріледі.

Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша сот осындай келісімді бекіту не одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Сот тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы

келісімін бекіткен кезде сот талап қоюды толығымен немесе тиісті бір бөлігінде қайтару туралы ұйғарым шығарады.

Ерікті түрде орындалмаған татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім сот келісім жасаған адамның



өтінішхаты бойынша берілетін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Бұдан бөлек, ӘРПК-нің 127-бабының 5-бөлігіне сәйкес, әкімшілік істер бойынша соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот осы сот актісінде ол бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататын мерзімді көрсете отырып, жауапкерге елу АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Егер тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімінің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Бірінші сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс медиация туралы келісімді бекітетін басқа судьяға беріледі.

Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны әкімшілік іс өзінің іс жүргізуіндегі судья жүргізуі мүмкін.

Апелляциялық сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс, әдетте, соттың алқалы құрамын судьялардың біріне береді.

Кассациялық сатыдағы сотта дауды медиативті келісім жасасу арқылы



реттеу туралы өтінішхатпен бір мезгілде тараптар аталған келісімді ұсынуға тиіс. Медиация жүргізетін судья медиация жүргізетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Егер басқа адамдардың қатысуы дауды реттеуге ықпал ететін болса, сот оларды медиацияға шақыруға құқылы. Медиация жүргізу хаттамасы сотта жүргізілмейді.

Г.КАЛДЫБЕКОВА,
Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Егер талап қойылған кезде сатушыда ауыстыруға қажетті тауар болмаса, ауыстыру осындай талап қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жүргізілуге тиіс.

Тұтынушы техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігін анықтаған және ол шартты бұзу және тауар үшін төленген ақшаны қайтару туралы талап қойған жағдайда, техникалық жағынан күрделі тауарды және оның құрамдасын сатушы осы талапты үш жұмыс күні ішінде қанағаттандыруға міндетті.

Тауарда табылған кемшіліктерді тұтынушының келісімімен сатушы, егер шартта өзгеше мерзім белгіленбесе, тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде жоюға тиіс.

Тауардың кемшіліктерін жоюдың шартта айқындалатын мерзімі күнтізбелік жиырма күннен аспауы тиіс.

Сатушы кепілді мерзімін белгілемеген тауарға қатысты, не осы заңның 17-бабы 2-тармағының төртінші абзацында көзделген жағдайда және тәртіппен, егер тұтынушы тауардың кемшіліктері тұтынушыға берілгенге дейін пайда болғанын немесе сол кезге дейін пайда болған себептерден туындағанын дәлелдесе, тауардың кемшіліктері үшін сатушы жауап береді.

Сатушы сатылған тауардың кемшіліктері үшін олар жөнінде өзі білмеген жағдайда да жауап береді. Сатушыны жауапкершіліктен босату туралы немесе оны шектеу туралы келісім жарамсыз болады.

Сатушы кепілді мерзімін белгілеген тауарға қатысты, сатушы егер тауардағы кемшіліктер оларды тұтынушыға бергеннен кейін тұтынушының тауарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың іс-әрекеті немесе еңсерілмейтін күштің салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға міндетті.

Тұтынушының тиісті сападағы тауарларды айырбастау, қайтару туралы талаптарын, сондай-ақ, тиісті сапасы жоқ тауар сатылған жағдайда тұтынушының талаптарын орындау мерзімін өткізіп алғаны

үшін тұтынушы талабының орындалмауына жол берген сатушы, егер шартта, Қазақстан заңдарында өзгеше белгіленбесе, тұтынушыға наразылық берілген күннен бастап талаптар қанағаттандырылған күнге дейін мерзімі өткен әрбір күн үшін тауар құнының бір пайызынан кем емес мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеуде тұтынушыға тұрақсыздық айыбын төлеу туралы тұтынушылық дауды реттеу мүмкін болмаған жағдайда тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сот жүзеге асырады.

Тауар үшін төленген ақшаны тұтынушыға қайтару кезінде сатушы одан тауардың толық немесе ішінара пайдаланылуы, оның тауарлық түрін жоғалтуы немесе басқа да осындай мән-жайлар себепті тауардың құны төмендеген соманы ұстап қалуға құқылы емес.

Кемшіліктері бар тауарды дәл сондай маркалы (модельді, артикулді) тауарға ауыстыру кезінде бағаны қайта есептеу жүргізілмейді.

Шартты бұзу кезінде тұтынушымен есеп айырысулар тауардың сатып алу кезіндегі бағасын негізге ала отырып жүргізіледі.

Кемшіліктері бар тауарды басқа маркалы (модельді, артикулді) тауарға ауыстырған кезде, егер ауыстыруға жататын тауардың бағасы ауыстырылып берілген тауардың бағасынан төмен болса, тұтынушы баға айырмашылығын төлеуге тиіс.

Сатушы тұтынушыға тиісті емес сападағы тауарды жеткізуге және (немесе) қайтарып беруге байланысты шығыстарды өтеуге міндетті.

Тауарды электрондық саудада өткізу кезінде тауарды жеткізу мүмкіндігі мен оның құны туралы ақпарат тұтынушыға сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін беріледі.

Сатып алынатын тауарға ақы төлеу нысаны тұтынушы мен сатушы арасындағы келісім бойынша Қазақстанның заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Бейбітгүл МЕНСИТОВА,
Атырау облысы Құрманғазы аудандық сотының судьясы



Қайрат ЖУРУНОВ,

Жетісу облысы криминалдық полиция басқармасының басшысы, полковник:

«ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗ БЕН ЕСЕПШОТТАРЫҢЫЗҒА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Қайрат Мұхамедқалиұлы, Жетісу облысында алаяқтық қылмыстары бойынша соңғы ахуал қандай? Бұл індетпен қалай күресіп жатырсыздар?

– Өткен жылмен салыстырғанда интернет алаяқтық деректері 53,8 пайызға көп. Облыс аумағында 2022 жылдың алты айында 184 интернет алаяқтық фактісі тіркелсе, 2023 жылдың алты айындағы дерек бойынша 283 интернет алаяқтық фактісі тіркелген. Интернет алаяқтық деректерінің басым көпшілігі облыс орталығы Талдықорған қаласына тиесілі. Яғни, 231 дерек осы қалада орын алған. Алаяқтардың уысына әдетте егде кісілер түседі дейміз, ол рас, алайда өкінішке қарай бұл деректерде алданған жастардың да қарасы аз емес.

– Алаяқтық көбіне қандай сипатта көрініс табады? Тіркелген деректер ішінде қандай жағдайлар жиі кездеседі?

– Алаяқтықтың ең көп тараған түрі интернет арқылы тауар сату. Алаяқтар Kolesa.kz, OLX сайттары арқылы, whatsapp, instagram мессенджерлерін пайдаланады. Олар мүліктің құнын төмендетіп көрсетіп, басқа ресми сату жарияланымдарының суретін пайдаланып, жалған жарнама береді. Ал қызығып хабарласқан адамға «міні басқа клиенттер хабарласып жатыр, алатын болсаң алдын ала төлем жаса, брондап қой» деп реквизиіт жіберіп, төлем жасатып, төлем жасалған соң, ізім-ғайым жоғалып кетеді. Облыс бойынша ашылған фактілер бар. Бірақ көп жағдайда жәбірленушілер бізге кеш жүгініп жатады. Оның үстіне ақшаны жібергеннен кейін, ол ақша Ресей, Украина сынды шет мемлекеттердегі дропперлердің шоттарына түсіп кетеді. Сол себепті бізге жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу, ашу қиынға соғады.

– Дроппер деген кім? Оқырмандарға түсінікті болу үшін осы терминге анықтама бере кетсеңіз.

– Дроппер – бұл банк карталарынан қаражат алудың заңсыз схемаларына қатысатын адамдар. Мысалы, кей жеке тұлғалар түрлі жағдайларға байланысты өз атына ұялы нөмер тіркеп немесе банк шоттарын ашып, алаяқтарға сатып



жібереді. Алаяқтар ол шоттарды, нөмерлерді өз арам пиғылдарын жүзеге асыру үшін пайдаланады. Бізде дропперлерге арналған арнайы заң жоқ. Жыл сайын алаяқтар жаңа тәсілдер ойлап тауып жатады. Мәселеге байланысты дропперлерді заң шеңберінде жауапкершілікке тарту бойынша арнайы ұсыныстар тасталды. Бүгінде Ішкі істер министрлігі Полиция департаментімен ақылдасып заң жобасын қарастыруда.

– Өзгелерге сабақ болу үшін бірнеше мысал келтіре кетсеңіз.

– Жақында ғана бір жағдай орын алды. 29 шілде күні 1983 жылғы азаматша арызданды. Алаяқтар 10 млн теңгесін иемденіп алған. Азаматша интернеттен «оңай жолмен ақша тапқың келсе, сілтемеге өт» деген жарнаманы көрген, сол сілтемеге өткен, оған тіркелген. Тіркелгеннен кейін онымен ресейлік нөмермен белгісіз тұлға байланысқа шығып «трейдинг платформ» деген платформаны жүктеткен. Басында ол қыз әлгі платформаға 200 000 теңге салған, алаяқтар оның сеніміне кіру үшін қыздың ақшасын 300 000 қылып қайтарып берген. Біртіндеп ол қаражат мөлшері көбейе береді. Жүре келе ол қыз миллион теңге салады, кейін тағы да көлемді сомманы бірнеше рет салып, алаяқтардың «салыққа, аудару комиссиясына» деген сұраныстарын қанағаттандырып отырып, өзінің қалай 10 млн теңгесін салып жібергенін білмей де қалған. Ал, ол ақшасы кейін қайтпаған. Ол азаматша бұл әрекеті жайлы ешкімге айтпаған. Негізгі бұл жағдай 10 маусым мен 5 шілде арасында орын алған. Сөйтіп ол өз ақшасын алаяқтарға өзі салып беріп отыр.

Қоғам болғаннан кейін одан өзге де осыған ұқсас жағдайлар көп орын алады. Мысалы, қарт кісілердің телефонына қоңырау соғатындар көп. «Сіздің туысыңыз, балаңыз немесе немереңіз жол көлік оқиғасына түсті, дереу ақша керек» деп, тіпті телефон соққан кезде, телефонды қойғызбай ар жақтан балаларының, немерелерінің дауыстарын келтіріп ақша сұраған фактілер де бар. Алаяқтар көбіне телефон соққан кезде тұтқаны қойдырмауға тырысады. Эмоциямен ойнап, сол сәтте ақшаны аудартып алғылары келеді. Тіпті, адамдарға, жақындарына телефон соғып, қал-жағдайын білуге мүмкіндік бермейді. Алаяқтар телефон тұтқасын дегендеріне жеткен кезде бір-ақ қояды, ал жәбірленушілер жақындарымен байланысып, ешқандай оқыс оқиға болмағанын сол кезде барып бір-ақ түсінеді. Аталған жайттар тек Жетісу облысында ғана емес, республика қалалары бойынша да көп тіркеледі әрі өте өзекті. Алаяқтардан амал артылған ба, осы сынды жағдайлардың түр-түрі күн сайын орын алып жатыр. Мұның бәрі әрине бізді қынжылтады.

– Бұндай жағдайларға қатысты құзырлы органдардың әрекеті қалай болып жатыр? Күн сайын түрленіп шығып жатқан алаяқтықпен қалай күресіп жатырсыздар?

– Жағдайға байланысты үшінші тоқсанда мәселені жедел тұрақтандыруға, тиімділікті арттыруға бағытталған бірқатар ұйымдастыру және практикалық іс-шаралар жоспарланған. Интернет алаяқтықтың жаңа тәсілдерін көпшілікке түсіндіре отыра, сақтық шараларын жариялай бастадық. Оны банк қызметкер-

лерімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялап, сақтандырып жатырмыз. Құқықтық сауатты арттыру қажеттігін айтып отырмыз. Профилактикалық материалдарды жариялау қазіргі таңда жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Оқу орындарында да мамыр айында кәмелетке толмағандар мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Көбіне жастар жұмыс іздегендіктен жиі осындай алаяқтардың құрбаны болып жатады, жеңіл ақша тапқысы келеді. Интернет кеңістікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыстық білім бөлімімен бірге бірлескен жұмыстар атқардық. Қоғамдық орындарда базарларда, вокзалда, сауда үйлерінде брошюралар таратып, алдын алу шараларын жүргіздік. Шілде айының 16-21-і аралығында «Алаяқтыққа жол жоқ» атты жедел профилактикалық іс-шарасын өткіздік. Шараға полиция департаментінің барлық басқармаларының қызметкерлері жұмылдырылды. Әр үйге бару арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ақпарат жеткізу каналдарының аясын алдағы уақытта тағы кеңейтпекпіз. Коммуналдық қвнтанциялардың артына да арнайы

жайлы құқық қорғау органдарына хабарлаған. Оқиға орнына жедел жеттік, бірақ алаяқтар үйге жақындай қоймады. Дегенмен, интернет алаяқтық фактілерінің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі бар екенін осыдан байқадық.

– Алаяқтықпен күресудің тағы қандай жолдарын ұсынар едіңіз?

– Құқық қорғау орындары қазір бұл мәселе тұрғысында үлкен жұмыстар атқарып жатыр. Одан бөлек, киберқылмыстың трансшекаралық сипатын ескере отырып, олардың республика бойынша бөлімшелерінің өзара іс қимылын қамтамасыз етуді күшейту керек. Ішкі істер органдары және банк қызметкерлері үшін қолжетімділігі шектеулі республика бойынша біріңғай деректер қорын құру қажет. Бұл деректік қор, әсіресе, жоғарыда айтып өткен дропперлермен жұмыс жасауда үлкен көмек болмақ.

– Көпшілікке айтар ақыл-кеңесіңіз.

– «Сақтықта қорлық жоқ» деген. Алаяқтардың құрбанына айналмас



ақпарат орналастыру жоспарда бар. Алаяқтықтың жаңа тәсілдері жайлы ұялы байланыс құралдарына смс-тер жолдануда.

– Бұл жұмыстарыңыздың нәтижесі бар ма?

– Алға қарай ілгерілеу бар. Бір мысал келтіре кетейін. Жақында мынадай жағдай орын алды. Алаяқтар қария кісілерді көп алдайды деп сөз басында да айттық. Сол секілді жақында осындай егде кісілердің үй телефонына бөгде біреу соғып, жинақтап отырған 3 млн теңгесін алып кетпек болған. Қариялар үйде өздері ғана тұрады екен. Үйде қарапайым түймешелі телефоннан басқа байланыс құралы да жоқ екен. Бірақ жүргізілген шаралар арқасында не істеу керегін дереу түсініп, 102-ге хабарласып, болып жатқан жағдай

үшін ешқашан алдын ала төлем жасамаңыздар. Картаңыздың, жеке счётыңыздың мәліметтерін ешкімге бермеңіздер. CVV код пен құпия сөзді жасырын ұстаңыздар. Белгісіз нөмірлерден сіздің ұтысқа ие болғаныңызды айтып хабарласатын болса сақтықпен қараңыздар. Күмәнді сілтемеге өтпеңіздер. Күмәнді қоңыраулар болса, істің ақ-қарасын білу үшін тұтқаны қойып, анығын анықтап алыңыздар. Жағдай туған-туысқа мейлі банкке қатысты болса да мәселені алдымен зерттеу керек. Кез келген жағдай бойынша 102 хабарласып не жергілікті бөлімшеге жүгіне аласыз. Қаржылық сауат маңызды.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң Газеті»



Қаржылық сауаттылықты арттыру, несие қарызынан құтылып, тұрмысын түзеу – ауыл тұрғындарының арманы. «Қарызсыз қоғам» бағдарламасының қолға алынуы да осындай мәселелерден туындапты. Аталған бағдарлама аясында білімін жетілдірген адамдардың шынайы оқиғасы мен оларға қаржы сарапшыларының көрсеткен көмегі туралы алдағы уақытта жиі есті бастаймыз. Себебі, қарызын уақытылы төлей алмағандар осы бағдарламаның арқасында қаржылық мәселелерді қалай шешуге болатынын үйреніп жатыр. Мәселен, Батыс Қазақстан облысындағы Тасқала кентінің 59 жастағы тұрғыны жобаға қатысты. Ол еден жуушы болып жұмыс істейді, жалақысы – 70 мың теңге. Өз баспанасы болмағандықтан жалға алған үйі үшін 30 мың теңге төлейді. Оның үстіне, ай сайын банкке төлейтін 71 мың теңге берешегі тағы бар. Ал банк карточкалары бұғатталған. Дегенмен, ол сиыр сауып, ауылдастарына сүт сатады. Соның арқасында аз да болса, қосымша табыс табады.

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЕЛДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН КӨТЕРМЕК

Ол «Қарызсыз қоғам» бағдарламасына қатысып, мамандардан кеңес алуға шешім қабылдайды. Сүт сатудан түсетін табысын есептегенде 45 мың теңге табыс тауыпты. Бұл оның үйі жалға алу ақысын жабуға жеткілікті. Оқу барысында оған сүт қана емес, май және құрт сияқты өнімдер жасап сатуға кеңес берілді. Соның барлығын есептегенде, тренерлер оның таза пайдасы шамамен 120 мың теңгеге жетеді деп отыр. Сабақ барысында банкке оның шоттарынан бұғатты алып тастау туралы хат жіберілді. Тренерлер бағдарлама аяқталғанға дейін онымен бірге жүріп, банкке жолданған сұрауды түпкілікті шешуге көмектеседі.

Батыс Қазақстан облысына қарасты Қаратөбе ауылынан келген тағы бір жоба қатысушысының да жағдайы мәз емес. 2014 жылы ол ауылға көшіп, 2,7 млн теңгеге үй сатып алған. Алғашқы алты айда несиені уақытылы төлеп келген

ол кейін декреттік демалысқа шығуына байланысты қарызын төлеуді кешіктірген. Содан бері несиесін қайтара алмай, қарызы ай сайын өсіп жатыр. Тұрғын үй несиесінен бөлек, оның ай сайынғы төлемі 45 мың теңгені құрайтын басқа да қарыздары бар болып шықты. Жалақысының 85%-ын банк ұстап қалатыны жағдайды одан әрмен қиындатып отыр. Осылайша, сәуір айында жалақысынан тек 1803 теңге қолына тиді. Тұрғынның мәселесін заңгерлер мен банк бөлімшесінің басшысы несиешарттарын жеңілдету үшін бірлесіп шешпек. Олар барлық қажетті құжаттарды жинап, қажетті мекемелерге бірлесіп жібереді.

Бұған дейін айтқанымыздай, жобаға көпбалалы аналар да жиі қатысады. Мәселен, бүгінде сегіз бала тәрбиелеп отырған Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының тұрғыны мал шаруашылығы саласында өзінің шағын бизнесін ашуға ниетті. Сарапшылар оған

сұраныстын зерттеуге, бизнес-жоспар құруға көмектесті. Содан соң ғана тұрғын грант алу үшін конкурсқа қатысып, бизнесі бастауға мал сатып алуды жоспарлап отыр. Енді ол өзі тұратын ауылда сүт өнімдерінің әртүрін шығарып, тұрақты табыс таба алады.

Жобаға қатысушылардың осындай оқиғалары мен пікірлері «AMANAT» партиясының Halyk Bank-пен бірлесіп қолға алған «Қарызсыз қоғам» жобасының олардың қарыздан құтылып, тұрмысын түзеуге көмектесіп жатқанын растайды.

Қазіргі таңда «Қарызсыз қоғам» аясында Ақтөбе, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындары арнайы оқу бағдарламасынан өтіп жатыр. Бағдарлама жыл соңына дейін жалғасады. Оған қатысу үшін партияның өңірлік филиалына хабарласу қажет.

Ж. ҚҰДАЙБЕРГЕН

ПӘРМЕН

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу.

ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДІҢ
СОТТЫЛЫҒЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 102-бабына сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізуді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жүзеге асырады. Республикалық маңызы бар қалалар және астана, облыс орталықтары шегіндегі мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, талап қоюшының арызы бойынша мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік соттың соттылығына жатқызылған істерді талап қоюшының тұрғылықты жеріндегі сот қарауы мүмкін.

Жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, осы кодексте көзделген даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттардың соттылығына жатады.

Кодекстің 103-бабына сай әскери соттар, егер әскери басқару органдары, әскери бөлім жауапкер болып табылса, мамандандырылған басқа соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, Қазақстан Қарулы Күштерінің, басқа да әскерилер мен әскери жиындардан өтіп жүрген азаматтардың талап қоюлары бойынша әкімшілік істерді қарайды.

Ал, кодекстің 104, 105-баптарына сәйкес облыстық және оларға теңестірілген соттар әкімшілік істерді апелляциялық тәртіппен қарайды.

ҚР Жоғарғы Соты бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша ҚР Орталық сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), Орталық референдум комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істерді қарайды. Әкімшілік істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіппен ҚР Жоғарғы Сотында қаралуға жатады. Кодекстің 107-бабына сүйенетін болсақ, істердің байланыстылығы бойынша және тараптардың таңдауы бойынша соттылығы бар. Бірнеше жауапкерге талап қою жауапкерлердің біреуінің орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.

Соттар арасындағы соттылық туралы дауларды жоғары тұрған сот шешеді, оның шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.

Сотқа талап коюды жолдау кезінде талап қоюшыға даудың соттылығына назар аудару керек.

М.ТАШЕВ,
Түркістан облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ҚАЗЫНА

ҚАСИЕТТІ МҰРА

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі деп білемін. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Ата Заң бойынша Қазақстанда қазақ тілі ғана мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. XX ғасырдың ұлы жемісі – қазақ халқы үшін егемендіктің көк туының желбіреуі еді. Ата-бабаларымыз көксеген, армандаған тәуелсіздікке қол жеткізген сәтте ана тіліміз де тұғырына қонды. Ендігі мақсатымыз

АКЦИЯ

«МЕН АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫМЫН!»

2013 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясымен 30 шілде Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күні болып бекітілген еді.

Халықаралық бастаманы қолдауда Қызылорда облысы Полиция департаментінің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері айрықша белсенділік танытты. Олар Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының, «Шағын кәсіпкер әйелдер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің мамандарымен бірлесіп, жақында «Aray City Mall» сауда ойын-сауық орталығында «Мен адам саудасына қарсымын!» атты ақпараттық науқанын жүргізді.

Іс-шараның басты мақсаты – қала тұрғындарын адам саудасының алдын алу және оған қарсы күрес туралы хабардар ету, сақтық қағидаларымен таныстыру арқылы адам саудасының құрбаны болмауға ықпал жасау.

Іс-шара барысында тақырыптық буклеттер, жапсырмалар, іс-әрекеттер алгоритмі, сондай-ақ, байланыс



нөмірлері көрсетілген жадынамалар мен плакаттар ілініп, іс-шара соңында жиынға қатысқан қатысушыларға сыйлық – акция серіктестерінің логотиптері көрсетілген кепка және қаламсап, блокноттар таратылды.

Науқан өз жалғасын тауып, адамдар көп шоғырланған жерлерде – сая-

бақтарда, теміржол вокзалы, автовокзал, туристік фирмалар, базарлар мен сауда үйлерінде ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Қызылорда облыстық
Полиция департаментінің
баспасөз қызметі

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ
КӨМЕГІН КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңға сәйкес заң көмегі – мемлекет кепілдік берген заң көмегі (тегін негізде көрсетілетін заң көмегі) және кешенді әлеуметтік заң көмегі нысанында көрсетіледі.

Осы заңның 20-бабына сәйкес, заң көмегін өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары, заң кеңесшілері, заң көмегін көрсетіп жүрген және заң көмегін көрсететін тұлғалардың міндетті мүшелікке негізделген коммерциялық емес ұйымдарында және заң кеңесі палаталарында тұрмайтын жеке тұлғалар көрсетеді.

Заңның 26-бабына сәйкес, құқықтық ақпарат беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар.

2. Құқықтық кеңес беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі:

1) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кемелетке толмағандарға;

2) мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не азаптауларға ұшыраған құрбандарға;

3) асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

4) жұмысына байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жеке тұлғаларға;

6) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасыларға;

7) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық кірістері облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы



аз адамдарға (отбасыларға) осы заңда және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Сонымен бірге, осы заңның 19-бабына сәйкес:

1) «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға;

2) атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға;

3-1) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;

5) жасына байланысты зейнеткерлерге;

6) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға;

8) мүгедектігі бар балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған не қамқорлығында кемелетке толған мүгедектігі бар адамдары бар адамдарға заң көмегін сұрап өтініш жасаған кезінен бастап Қазақстан заңдарында көз-

делген тәртіппен іс бойынша қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға (құқықтық жағдай шешілгенге) дейін құқықтық қолдап отыруды білдіретін өтеусіз заң көмегін шартқа сәйкес көрсету кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның құқықтары мен міндеттері. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның:

1) мемлекет кепілдік берген заң көмегіне теңдей қол жеткізуге;

2) өз құқықтары, міндеттері және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шарттары туралы ақпарат алуға;

3) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғаларға тегін заң көмегін көрсету үшін өтініш жасауға;

4) мемлекет кепілдік берген заң көмегін Қазақстан заңнамасында көзделген тәртіппен алуға немесе оны алудан бас тартуға;

5) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғалардың әрекеттеріне не әрекетсіздігіне «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» және Қазақстанның заңнамасында көзделген тәртіппен шағым жасауға;

6) мемлекет кепілдік берген заң көмегі көрсетілген мәселенің құпиялылығына құқығы бар.

Өзіне осы заңның 15-бабының 2) және 3) тармақшаларында көзделген, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы өтініш-хатпен жүгінген тұлға:

1) өзінің мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығын растайтын, тізбесін уәкілетті орган бекітетін құжаттарды ұсынуға;

2) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шарттарына ықпал ететін мән-жайлардың өзгергені туралы уақытылы хабарлауға;

3) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету қажеттігіне негіз болған ақпараттың анықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

Қазіргі таңда, Түркістан облысы бойынша 177 адвокат қызмет атқарады.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегінің барлық түрлері бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі – Әділет министрлігі, ал жергілікті жерлерде – аумақтық әділет органдары болып табылуына байланысты облыстық адвокаттар алқасымен ұсынылған тізімге сәйкес, мемлекет кепілдік берілген заң көмегін жүзеге асыру жүйесінде ауылдық округ аудандарды қамти отырып әділет департаменті 108 адвокатпен келісім жасаған.

Б.АЛТЫНБЕКОВ,
Түркістан облысы Әділет
департаментінің құқықтық түсіндіру
жұмысы және халыққа заңгерлік қызмет
көрсету бөлімінің бас маманы

КИЕ

ҰЛТТЫҢ
НЕГІЗГІ
ТІРЕГІ

Ел тәуелсіздігінің ең маңызды нысаны – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі.

Сондықтан да, ол – ұлттың өзгеден даралығын анықтайтын жалғыз да айрықша белгісі. Қай ұлт болсын тілі арқылы ғана ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі. Ол біздің сот жүйесіне де тікелей қатысты.

ҚР Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27ақпанындағы «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық соттарында қолданылады.

Қазір іс-қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалған. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып мемлекеттік тілдің қолдану өрісін кеңейту өз қолымызда.

Зиада АСҚАР,
Қорғалжын аудандық
сотының судьясы
Ақмола облысы

ЖАДЫНАМА

ХАТ - ӘКІМШІЛІК АКТ ЕМЕС

Әкімшілік акт – әкімшілік орган, лауазымды адам жария-құқықтық қатынастарда қабылдайтын, белгілі бір адамның немесе жеке айқындалған адамдар тобының заңдарда белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім.



Өз кезегінде, ӘРПК әкімшілік актінің екі түрін бөліп көрсетеді:

1) ауыртпалық салушы – іске асырудан бас тартатын, әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын шектейтін, тоқтататын немесе оған міндет жүктейтін, сондай-ақ, оның жағдайын өзгеше түрде нашарлататын акт (ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 3-тармақшасы);

2) қолайлы – әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асыратын немесе оған жүктелген міндетті тоқтататын, сондай-ақ, оның жағдайын өзгеше түрде жақсартатын акт (ӘРПК-нің 4-бабы бірінші бөлігінің 21- тармақшасы).

Сонымен қатар, соттарға көп ретте, әкімшілік актінің өлшемдеріне сай келмейтін хаттар/талдауларға дау айту туралы талап-арыздар келіп түседі.

МҰРАГЕРЛІК

6. 18 маусым 2023 жылы қайтыс болған Умбетов Серик Ахановичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ә.Б. Әкімханға келуі керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/2. Тел.: 87277624162.

7. 31.03.2012 жылы қайтыс болған Зиятова Марияның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

20. ҚР ДСМ «Масғұт Айымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ШЖК РМК (БСН 191140016396), өз филиалдарын есептік тіркеуден шығару туралы хабарлайды: (тарату) 1) «Қызылорда обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200141034966. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Берке хан көшесі, 12А ғимарат, пошталық индексі 120001; 2) «Шымкент обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200141037366. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Мұхамед Хайдар Дулати көшесі, 114 үй, пошталық индексі 160000; 3) «Жамбыл обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200141035796. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Жібек Жолы көшесі, 64В ғимарат, пошталық индексі 080014; 4) «Талдықорған обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200141032672. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, құрылыс 104, пошталық индексі 040000; 5) «Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200241010704. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Молдимаң Елеуов көшесі, 1 үй, пошталық индексі 120100; 6) «Орал обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200241001715. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, В.Чапаев көшесі, 36/1 үй, пошталық индексі 090000; 7) «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200241002585. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, «Заречный-2» тұрғын үй алабы, Қайдаулы Бағыр көшесі, 10 ғимарат, пошталық индексі 030004; 8) «Манғыстау обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200141037029. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 Б шағынауданы, 41/1 ғимарат, пошталық индексі 130000; 9) «Атырау обаға қарсы күрес станциясы» филиалы, БСН 200241009463. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, Керей хан көшесі, 1 үй, пошталық индексі 060026.

11. Конго-Қырғым геморрагиялық қызбасы (ККГҚ) – аса қауіпті жұқпалы ауру ККГҚ-н көбінесе вирусты жұқтырған кене шаққанда, вирус ағзаға тері арқылы енгенде жұқтырады. Сондай-ақ, адам кенелерді басып-жаншығанда, вирус денеге микрочариктар мен терідегі жаралар арқылы енген кезде, науқастарды күткенде және оларға медициналық көмек көрсеткенде жұқтырады. Олардың белсенділігі көктемгі-жазғы маусымда (сәуір-қыркүйек) арта түседі. Осыған сәйкес, «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалы Конго-Қырғым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу мақсатында көктемде және күзде кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді.

Конго-Қырғым геморрагиялық қызбасы ауруынан сақтану: – далалық жұмыстарда, мал шаруашылығында, саяжайда демалғанда кенеден сақтану үшін жабық, жеңі ұзын киім киіп, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып, дененің ашық жерлерін толық жабу; – далалық аймақтарға шыққанда кенені жуытпайтын үркіткіш заттарды (репеллент) қолдану; – мал жүнін қырқу, мал сою кезеңінде қауіпсіздік шараларын сақтап, қолға резеңке қолғап кию;

Кене шаққан адам тез арада міндетті түрде медициналық мекемеге қаралып, тиісті медициналық көмек алуы тиіс.

Б.А. ЖАНДАРБЕК,

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖК РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының биолог маманы

Бұл мәселеге қатысты сот практикасынан мысал келтіруге болады.

Павлодар облысындағы басқармалардың біріндегі басшы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің хаты мен талдауын даулау туралы сотқа шағымданды. Сотта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізгені анықталды. Талдау нәтижелері бойынша Мемлекеттік қызмет департаментіне мынадай ұсыныстар жазылған хат жолданды:

1) лауазымды адамдарға қатысты заңнамада белгіленген тәртіппен қызметтік тергеуге бастамашылық жасауға;

2) кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жаза қолдану туралы мәселені қарауға;

3) көрсетілген ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы белгіленген мерзімде хабардар етуге міндетті. Жоғарыда келтірілген тұжырымдардың мағынасынан көрінетіндей, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің хатында және талдауында департамент талаптарын тікелей орындау міндеті туралы билік нұсқаулары жоқ.

Атап айтқанда, хатта/талдауда лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы тапсырма қамтылмаған.

Көрсетілген құжаттарда «ұсынамыз» деген тұжырым қолданылған. Демек, тәртіптік жауапкершілікке тарту/тартпау бөлігіндегі түпкілікті шешім Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің немесе жұмыс берушінің құзыретіне жатады. Соттың белсенді рөлі қағидатына сәйкес талапкерге хаттың/талдаудың ұсынымдық сипатта екендігі және сот тәртібімен даулануға жатпайтындығы түсіндірілді. Алайда, талапкер істі сотта қарауды талап етті.

Талап қою ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 11-тармақшасы бойынша қайтарылды, өйткені, талапкердің талаптары әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайды. Ұйғарым заңды күшіне енген жоқ.

**Павлодар облысының
МАӘС баспасөз қызметі**

ТАРАТУ

2. «AST Shamshetov» ЖШС (БСН 210840003600) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 010000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Кенесары көшесі, 57 үй.

4. «МЕDEOR CLINIC» ЖШС, БСН 180940013118, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Ақтөбе обл., Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Алмас қылыш көшесі, ғимарат 8. Тел.: 87014402211.

5. «Айнур Дарменова» ЖШС, БСН 211040005879, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Науан көшесі, 160 үй. Тел.: 87758525268.

8. «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Ақсу ауылының негізгі орта мектебі» КММ (БСН 970140004343) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола обл., Біржан сал ауданы, Ақсу ауылы, Желтоқсан көш., құрылыс 7.

9. «BAKYTQUALITY» ЖШС, БСН 170540004380, заңды мекенжайы: БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Тауқалаков көшесі, 1 үй, 1 пәтер, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Гагарин көшесі, 97 үй, 72 пәтер. Тел.: 87002195457.

10. «Профессиональный Бухгалтер» ЖШС, БСН 080440008497 (Қазақстан Республикасы, 160008, ҚР, Оңтүстік Қазахстан обл., Шымкент қаласы, Еңбекшілер ауданы, Жибек Жолы ғимараты, құр. 38/2), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Самал-2» ықшамауданы, Нұрлыбеков көшесі, 1281 үй. Тел.: 87019555765.

12. «КОМПАНИЯ СИТИ СТРОЙ КАЗАХСТАН» ЖШС БСН 050940007127 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Самал-2» ықшамауданы, 33А үй, н.п. 626, тел.: +77017576796.

13. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем және қаржылық технологияларды дамыту орталығы» АҚ, БСН 071140014870, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 57 А, тел.: 8(717) 277-55-77 (5665).

14. «Loyal 3» ЖШС, БСН 190840012435, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Мұғал-жар ауданы, Қандыағаш қаласы, Жамбыл көшесі, 36, тел.: 87025075913.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ



АВТОКӨЛІК ӨРТІНЕ ҚАРСЫ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУДА

Елімізде жыл сайын автокөлікке қатысты 2 мыңнан астам өрт тіркеледі. Биыл жарты жылдың ішінде Жетісу облысында автомобильдерде 33 өрт және 22 жану болды. Былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырған- да автокөлік өрттері биыл 14 пайызға азайғаны байқалады. Былтыр өңірде жарты жылда 29 өрт тіркелген болатын.

Биыл автомобильдердегі өрттердің 64 пайызы жеңіл көліктердің үлесіне тиді. Нақты айтқанда 33-тің 21-і. Өрттердің 15-20 пайызын автокөлік құралдары құрайды. Ол соңғы бес жылдықта тұрғын үй секторы нысандарынан кейін пайда болу жиілігі бойынша екінші орында тұр.

Көлік құралдарында өрттің пайда болуының түрлі себептері бар. Жетісу облысы төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Сергей Огайдың айтуынша,

15. «Aldamyr trade» ЖШС, БСН 230340029164, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алтын орда, 6/20, тел.: +77054772249.

16. «Айбын фарм» ЖШС, БСН 221240019719, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 5 ықшамаудан, 20 үй, 61 пәтер, тел.: 87474274344.

17. «Mak Gold Company» ЖШС, БСН 221240038735, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Бостандық ауданы, «Орбита-2» ықшамауданы, 286 үй, 25 пәтер (кеңсе), индекс 050043. Тел.: 87081540766.

22. «ПЛАНАЛЪТО» ЖШС, БСН 050540020148 (Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Гагарин даңғылы, 282 үй, 50 пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Науай көшесі, 160 үй. Тел.: 87077384213.

ЖОҒАЛТУ

21. «Sfera Inn» ЖШС-нің (БСН 220440007234) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ӨРТТҮРЛІ

3. «Талғар ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінен, БСН 120140004802, «Жер қатынастары бөлімі» ММ бөлініп, жеке бөлім болып аталуына байланысты, «Ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ «Талғар ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ-не, БСН 120140004763, қосылу арқылы қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 65 ғимарат. Байланыс телефондары: 8(727) 388-16-71, 8(727) 388-15-36.

18. Абай облысы білім басқармасының «Құрылыс колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, БСН 990340004760, Абай облысы білім басқармасының «Геодезия және картография жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды, БИН 990440003885. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Парковая көшесі, 1 үй, тел.: +7(7222) 31-06-39.

19. «Механизация строительства» ЖШС, БСН 921140000443, өзінің «Құрылыс Инвест Групп» ЖШС-не, БСН 030540017969, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 15 ықшамаудан, 69 үй, 44 пәтер, тел.: +77782418940.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Соңы. Басы №57 санда)

Осы уақытқа дейін қанша қылмыскер алдымнан өтті. Қаншасын тергедім. Бірақ мына Рома есімді тұтықпа жігітті қинағым келмеді. Оның айтып отырғандары рас секілді. Әйтсе де мен шылымымды асықпай сорып, Ромаға қараған күйі үнсіз түтінді будақтатып отыра бердім. Қасымдағы жігіт тағатсызданды ма, әлде өзі іске араласқысы келді ме Ромаға бірден бас салды.

– Ендеше неге қаштың бізді көргенде?
– Мммен ммммен қққққққоррррррықққққ.
– Неден қорықтың?
– Мммммеееннннннннн
Мен шылымды тастай салдым
– Рома, қане айтшы не үшін келіспей қалдыңдар?

Қобалжудан әбден қызарған жігіт даусы дірілдей жауап берді. Оның үстіне қорыққанынан тұтықпасы да күшейіп кеткен.

– Ссссол күні, біз аайлық алғанбыз, ол сенікі неге кккккөп, ммменікі неге аз деді. Мен ддддұрыыыс жұмыс жасаааамайсың, сондықтан аз дедім. Ол жағамнан ала төөөөбелесе кетті, мен де қарап тұрмааай жауап бердім.

– Сен оны басынан ұрдың ба?
– Жжжжжжжж, ішінен тептім.
– Ал басшы неге оған айлықты аз төледі?

– Ббббббілмеймін, бірақ екеуі сс-сол үшін төбелесуге барды. Ол бастыққа ауыр сөззздер айтты.

– Ал бастығың ше?
– Өөөөөлтірем деді..

Біз қожалық иесімен кездесе алмадық. Шұғыл шаруалары шығып қалаға кеткен екен. Ал орнында жүрген көмекшілері, көңіл толтырар мардымды ештеңе айтпады. Барлығы бір ауыздан зардап шегушінің ішімдікке әуес екендігін, адамдармен қарым-қатынасы жақсы емес екенін айтты.

– Өлтірген сол, қожалық иесі деді, – жас жігіт өз-өзіне үлкен жаңалық ашқандай қуанып. Бәрі айқын көрініп тұр ғой.

– Асықпа балам, кейде ақиқат мүлдем сен ойлағандай болмайды...

Алыстан көзім Сүйрікті шалды. Мен жас майормен қоштасып, қыз жүрген бағытқа қарай бет алдым. Менің жақын келгенімді байқаса да, байқамаған адамдай жүре берді.

– Сәлеметсің бе Сүйрік, әкеңнің қазасы қайырлы болсын..

Ол үндемеді. Өзімнің артық сөйлегенімді түсіндім.

– Сабақтан келесің бе? Ол «иә» дегендей басын изеді. Жүзі жабырқаулы. Бірақ алғаш көргендегідей көздерінен шарасыздық байқалмайды.



Мың адамға сұрақ қойып жауап алсам да, мына қаршадай қызға не сөйлерімді білмей тілім байланды. Бұл құбылысқа өзім таңқалдым. Мен оның қасында үнсіз еріп келемін.

– Ол менің әкем емес, – деді кенет қыз. Өзі сондай сүп-сүйкімді. Неліктен қыз болмысын жасырып, ер балаша киінді екен деген сан сауал.

Көкейіне тағы бір нәрселер келді білемін, айтқысы келді. Бірақ айта алмай, менен жырақтап кете барды.

Жұмыс берушімен де тергеу сәтті аяқталмады. Ол қол астындағы зардап шегушімен сөзге келіп, төбелеске дейін барғанын баяндады. Алайда, сол түні өзінің ауылда болмағанын дәлелдеді. Ойым сан-саққа жүгірді. Жұмбақ өлім одан сайын шиеленісе түскендей. Бұл адамның өлімі кімге керек болды?

Мен оның үйіне қайта бардым. Бұл жолы жалғыз. Қасыма ерген жас майор қылмыскер қожалық иесі болмай шыққан соң, әрі қарай бас қатырғысы келмеді. Оқиға болған жерді тағы бір қарап шықтым. Баспалдақтан қалай құлады, не үшін ол шатырға шықты. Шатырда бөлме бар. Мен рұқсат сұрап үйге кірдім. Шатырдағы бөлме Сүйріктің бөлмесі. Ол жерден сыртқа шығатын бөлек есік те бар. Оқиға көз алдыма елестей бастады. Мен дереу Сүйрікпен сөйлесуім қажет...

Оны ұзақ іздедім. Әдетінше осы уақытта мектептен қайтушы еді. Қайда болуы мүмкін? Кішкене ғана ауылда жасөспірім қайда барады. Ойыма бірден көл жағасы келді. Мен Сүйрікті сол жерден таптым. Ол суға қараған күйі, тізесін құшақтап отыр екен. Мені көрсе де, көрмегендей отыра берді. Мен оның жанына кеп отырдым.

– Қалың қалай?
Ол үндемеді. Суға тас лақтырған боп отыр.

– Сенің бөлмең шатырда екен? Ол жерге ешкім кірмейтін болар. Оның бет жүзінен сұрағымның ұнамағанын сездім.

– Сүйрік, шыныңды айтшы, ол сені қорқытты ма?

Ол дереу қолындағы тасты жерге тастады. Тағы да үнсіз қалды. Айтқысы келіп оқталды. Айта алар емес. Көзіме де тұра қарай алмайды.

– Мен саған көмектесемін, маған шыныңды айтуыңа болады.

Кенет жағымсыз ащы дауыспен айқайлай жылап жіберді. Ішінде толған өксікті шығарып жатқандай. Құшақтап жұбатуға батылым бармады, тек өзінің тоқтағанын күттім. Қанша уақыт өткенін білмедім, біраз уақыттан соң ол өз-өзіне келгендей болды. Бетін сұртуге орамалымды ұсындым.

– Мен оны өлтірген жоқпын, ағай, – деді ол қолындағы орамалды умаждай.

– Енді не болды, Сүйрікжан, маған айта қойшы..

Ол терең тыныстап, бір өксіп алды.

«Мен ол кезде 10 жаста едім. Сабақтан келсем үйде ешкім жоқ. Мамамдар базарға кетсе керек. Әлгі адам үйге тағы мас келді. Мені балағаттап, ұрмақшы еді. Ол арақ ішсе бізді ұрып-соғатын. Әсіресе, мені. Ол қолын көтеріп ұрғысы келді де, ұрмады. Шашымнан сипады. Бұрын-соңды жасамаған әрекет жасады. Өзіне жақын алып құшақтап, сүйе бастады. Сосын, сосын ол менің көйлегімді шешті..» әрі қарай сөзін жалғастыра алмай тамағына өксік тығылды. Мен ол кезде 10 жаста едім, аға. Ол лас әрекетін жасаған кезде. Сол күні орнымнан тұра алмай ұзақ жаттым. Қан болған көйлегімді өзімен бірге алып кетті. «Шешеңе айтушы болма, бәріңді өлтіре саламын», – деді.

Тынысым тарылып ауа жетпеді. Көзіме келген жасты көрсетпейін деп қолымдағы шөлмек бөтелкені қатты қыстым. Дем жетпегендігі сонша, қолыма кірген ұсақ шөлмекті де, аққан қанды да сезбедім.

– Сенің ер балаша жүруің сол себепті ме?

«Бұл жағдай ол арақ ішкен сайын қайталана берді. Менің шатырға шығуымның да себебі сол. Кей кездері үйден қашамын, кейде мүлдем ұйықтамаймын».

– Ал анаң ше? Ол білмеді ме?

«Білді. Әбден қиналған бала анасынан көмек сұрамағанда, кімнен көмек сұрайды. Егер оны түрмеге жабатын болса, біз далада қаламыз, мына екі ініңді ойла. Көзіне көп көрінбеуге тырыс» деді. Алғаш рет шашымды ер балаларша қиып, мені солай киіндірген де өзі. Менің еркекшора түрім оған ұнамаған секілді. Содан кейін ол маған көп тиіспеді. Ол өлетін күні үйге таңға жақын келді. Мен ұйықтамаған едім. Шатырға көтеріліп келе жатқанын көрдім. Мен бөлмедегі далаға апарар есіктен шығып төбеге көтерілдім. Бірақ ол мені тауып алды. Өзінен арақ иісі мұңкіп тұр. Әрекетін жасамақшы болып оқталды. Мен қарсыластым. Кенет ол қисалаңдаған күйі тепе-теңдік ұстай алмай жерге құлады. Мен оны итермедім. Төмен қараған кезде ол тірі еді. Боқтық сөздер айтып тыпырлап жатқан...

Арада үнсіздік орнады. Ол жасын тыйып, өз-өзіне келгендей.

– Әрі қарай не болды?
– Мен апамды оятпақшы едім.

Ішке кірдім. Даладан әлдеқандай дыбыс шыққанын естідім. Оның басынан үлкен таспен әлдекім ұрып жатты...

– Сен оны көрдің бе?

Айтайын ба әлде айтпайын ба дегендей Сүйрік үнсіз қалды. Кенет көздеріме тура қарады да:

– Егер ол өлмесе, мені өлтірер еді. Ол өзінің лас ісін жалғастыра берер еді. Мені ешкім құтқармас еді..

– Сүйрік...
Қыз еңкілдей тағы жылады.
– Көрші аға...
– Кім, Тоқтарбай ма?
Ол біткен басқан күйі «иә» дегендей басын изеді.

Тоқтарбай барлығын мойындады. Әлгі сұмырайдың Сүйрікке жасап жүрген лас істерін білген. Білгенде не істей аламын дейді. «Милиция түгілі, туған анасы қызын қорғамады. Қызымның абыройын ойла, бүкіл ауылға күлкі болады, барлығы одан жиіркене қарайды» деген соң тілімді әрең тістедім. Әлгі сұмырайға енді қызға тиісетін болса аяқ-қолын сындыратынымды айттым. Менің де Сүйрікпен жасты қызым бар ғой. Намыстанғаным шығар. Бірақ қолымнан ештеңе келмеді».

Ол көзіне жас алды.

«Сол күні таңда ерте тұрып қойларды айдауға шықтым. Алыстан шатырда тұрған екеуін көзім шалды. Мен жеткенше ол жерге құлап түсті. Шалбарының ілгегі ағытуалы. Ашуға булықтым. Жоғарыда жаутаңдай қарап Сүйрік тұр. Егер ол қайта тұратын болса қызды енді оңдырмайды. Жанымда тұрған таспен ұрып Сүйрік үшін жасаған қиянатың деп сазайын бердім»...

Бұл істің әділдігін шешетін мен емес. Иә, адам өлді. Қылмыс болды. Мен бар болғаны зейнетке шығып, ауылға келіп демалғым келді. Өткенді ұмытқым келді. Қайда барсаң да өзіңнен қашып құтылмайсың. Адам қатыгездігі ауыл болсын, қала болсын, қайда да көрініс табады. Бұл жағдайды ешкімге хабарлағаным жоқ, хабарламаймын да. Балалық шағын күл-талқан еткен айуан өз жазасын алды.

Тіршілігі қайнаған қалама ораламын. Бұл жерге енді қайтып келмейтін шығармын. Ешкіммен қоштасқым келмеді. Тек Сүйрікті ойлап жүрегім ауырды. Кіп кішкентай ауылдың ішінде қилы тағдыр. Быт-шыт болған қыз ғұмыр...

Бақыт ЖАЛИЕВА
Ақтөбе қаласы

КУЗЕТ ҚЫЗМЕТІ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ

Ұлттық статистика бюросы алғашқы жартыжылдықтағы қызмет көрсету есебін жариялады. Оған қарағанда, тергеу жүргізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер көлемі биыл алты айда 96 403,4 млн теңгені құрап отыр. Нақты көлем индекстері былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 94,7 пайызды көрсетуде.

Тергеу жүргізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер көлемі былтыр 358,3 млрд теңгені құраған. Бұл алдыңғы жылмен

салыстырғанда 33 пайызға артық (269,5 млрд тг).

Тергеу жүргізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтердің былтыр 11,1 млрд теңгесі ауылдық жерлерде жасалған. Алдыңғы жылы ол 8,4 млрд теңгені құраған еді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу бойынша қызметтердің 67,1 пайызы күзет қызметтеріне тиесілі болып тұр. 2022 жылы олар 240,5 млрд теңгенің қызметін көрсетті. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 55 млрд теңгеге артық (2021ж. – 190 млрд тг).

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер көлемі былтыр (өзге де) – 75,6 млрд тг, қауіпсіздік

жүйесі саласындағы қызметтер – 36,4 млрд теңгені, брондалған автомобильдерді ұсыну жөніндегі қызметтер көлемі 5,7 млрд теңгені құрады. Ал статистикалық бизнес тіркелімде жеке күзет қызметтерімен айналысатын 6 289 заңды тұлға және 71 ДК тіркелген.

Жалпы, республикадағы тергеу жүргізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсететін кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің саны былтыр 1174 болған еді. Олардың ең көбі Алматы (147) мен Астана (103) қалаларында және Қарағанды облысында (87), ең азы Ұлытау (16), Абай және Жетісу(28-ден) облыстарында орналасқан. Көрсетілетін қызметтердің



353,3 млрд теңгесі кәсіпорындармен 4,8 миллиард теңгесі жеке кәсіпкерлерге жасалған. Ал қызметтердің 353,4 миллиарды мемлекеттік меншік нысандарына, 6,7 миллиарды

жекеменшік нысандарға, 346,6 миллиарды шетелдік меншік нысандарына көрсетілген.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана

Тапсырыс №113 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31